

"Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2016 жылғы 3 тамыздағы N 7-5с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 тамызда N 3882 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 3-25 с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 16.04.2018 № 3-25 с (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. "Жер салығының базалық ставкасын бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 16-13 с шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 21 мамырдағы № 13-13-104 тіркелген, 2009 жылғы 1 маусымдағы "Шұғыла" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспе мәтіні келесі редакцияда мазмұндалсын:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 386 бабының 5 тармағына, 387 бабының 1 тармағына, 444 бабының 1 тармағына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:".

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

V шақырылған VI сессия
төрағасы

Д. Искаков

Уәлиханов аудандық
мәслихаттың хатшысы

Б. Кәдіров

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік кірістер комитеті
Солтүстік Қазақстан облысы
бойынша Мемлекеттік
кірістер департаментінің
Уәлиханов ауданы
бойынша Мемлекеттік

Ш. Альмурзин

кірістер басқармасы"
Республикалық мемлекеттік
мекеме басшысы
2016 жылғы 3 тамыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК